

**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ**

**«ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘНШІЛІК ӨНЕРІНДЕГІ АЙМАҚТЫҚ
МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»
ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

СЕМЕЙ 2024

МАЗМҰНЫ

- 1) Жалпы ережелер;
- 2) Глоссарий;
- 3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 8) Оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) Курстан кейінгі сүйемелдеу;
- 10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

1) Жалпы ережелер

Бұл курс ән айту дағдыларын терең зерттеуге негізделген. "Дауыс қою" бағдарламасы білім алушыларды халықтық вокалдық мәдениет негіздеріне тартуға, олардың музыкалық-эстетикалық талғамын дамытуға, оларда орындаушылық вокалдық дағдылар мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

2) Глоссарий

Ансамбль - дауыстардың бірігуі.

Альт - төмен әйел дауысы.

Әннің интонациясы - интервалдардың дұрыс интонациясы (ренжіген аспапта, хорда ойнау)

Бас (Италиядан. basso "төмен") — сәйкес дауыстық тесситурасы бар ең төменгі ер әнші дауысы.

Дауыс (лат. vox) - адамның сөйлеу немесе ән айту кезінде дыбыс шығару қабілеті. Дауыстың пайда болуы өкпеден ауаны ауыз бен мұрын арқылы шығару арқылы жүреді. Бұл жағдайда трахея мен бронх арқылы өтетін ауа дірілдейді және дыбыстық тербелістер жасайды.

Диапазон - дегеніміз төменнен жоғарыға дейінгі дауыстағы дыбыстардың жиынтығы. Ал әншілік регистр біртекті дауыс бояуының дыбыс қатарындағы дауыс тербелісінің жұмысы.

Дикция - тілдің фонетикалық нормаларына сәйкес дыбыстардың айтылуының анықтығы. Дикцияның мәнерлілігі - әншінің, орындаушының шеберлігінің маңызды жағы.

Микст - бұл аралас дауыстық формация, онда дауыс өзінің барлық диапазонында регистрлік ауысуларсыз біркелкі естіледі.

Резонаторлар – дауыс аппаратының сыйымдылығы. Ол дауыс қатпарында әлсіз туған дыбыстарды тербеліске ұшыратып, өсіріп көркемдейді. Жоғарғы (бас) резонаторлар өңештің жоғары бөлігінде орналасқан: жұтқыншақ бөлігі, ауыз бөлігі, мұрын бөлігі. Төменгі резонаторлар тамақтан кейін орналасқан: өкпе, трахея, бронха.

Сопрано - жоғары әйел дауысы.

Тембр – дыбыс бояуы, дауыс бейнелеушісі. Дауыс бояуы – туғаннан қалыптасқан табиғи сапа, бірақ өсе келе арнайы оқу кезінде өзгеруі мүмкін. Тембрде музыкалық көңіл күй, эмоциялық сезім байқалады. Сондықтан да музыкалық мәнерлілікпен үнемі жұмыс істеу өте маңызды.

Тенор - ер адамның жоғары дауысы.

3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

1. Ән дәстүріндегі домбыра сүйемелінің ерекшелігі.
2. Қазақ музыка тарихындағы дәстүрлі әншілік мектептер.

4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: Қазақтың дәстүрлі ән айту өнерімен таныстыру. Еліміздегі дәстүрлі әншілік өнер мектептері туралы терең түсінік беру.

Міндеттері: студенттерді әсемдікті сезінуге өз халқының асыл мұрасы дәстүрлі әншілік өнерден эстетикалық ләззат және рухани азық ала білуге тәрбиелеу. Әнді таза, мәнерлі орындай білуін, музыкалық ырғақты сезінуін, есте сақтау мен құйма құлақтық қабілетін дамыту.

Оқу нәтижелері:

- Дәстүрлі ән салу теориясының негіздерін және әншілік дауыстың ерекшеліктерін білу;
- Домбыра аспабын еркін меңгеру;
- Шығармаларды нақышына келтіріп көркемдік деңгейде орындай білу;
- Халық композиторларының өмірі мен шығармашылығын және әннің шығу тарихын білу;
- Күрделілігі жоғары халық әндері және халық композиторларының әндерін сахыналарда және байқауларда орындау деңгейіне жету;

5) Бағдарлама құрылымы мен мазмұны

№	Тақырып	Сағат саны	Л	С	П	Қысқаша мазмұны
1	Ән дәстүріндегі дауыс пен домбыра сүйемелінің ерекшелігі.	18			пр	• Дауысты күту (дауыс өзгеру кезеңі). • Артикуляция. Дикция тазалығы. • Дәстүрлі әншілерде дауыс қою мәселесі. • Қазақтың әншілік өнеріндегі қара өлеңнің орны. • Дем алу әдістемесі және оны дәстүрлі әншілік өнерде пайдалану. • Әнші даусының резонаторлары. Домбырада оң және сол қолдарының дұрыс қойылу әдістемесі. • Төкпе күйшілік мектебінің

					орындаушылық мәнері дәстүрлі ән салу пәнімен тығыз байланыстылығы.
					Шертпе күйшілік мектебінің орындаушылық мәнері дәстүрлі ән салу пәнімен тығыз байланыстылығы.
2	Қазақ музыка тарихындағы дәстүрлі әншілік мектептер.	18		пр	- Қазақтың дәстүрлі әншілік өнері (XIX – XX ғ. басы). - Арқа әншілік дәстүрі. - Жетісу әншілік дәстүрі. - Батыс Қазақстан өңірінің әншілік дәстүрі. - Эпикалық дәстүр (жырау және жыршы өнері). - Маңғыстаудың ән және эпикалық дәстүрі. - Абайдың шығармашылық жолы және ән реформасы. - Әншілік және эпикалық дәстүрдегі шығармашылық және орындаушылықтың негізгі мәселелері.
	БАРЛЫҒЫ:	36			

Л – лекция, С – семинар, П- практикалық оқыту.

Ескерту: 1 академиялық сағат – 50 минут

6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру

«Дәстүрлі ән салуда» алғашқы сабақтан бастап студент мұғаліммен жеке сабақтарда қажетті алғашқы әншілік дағдыларды және домбыра аспабын үйренудегі алғашқы тәсілдерді игереді. Студенттердің вокалдық есту және ән айту қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін вокалдық-техникалық жұмыстың бастапқы кезеңі жүзеге асырылады және оқушының вокалдық есту және вокалдық қабілеттерін дамыту, дыбыс түзудің кемшіліктерін жою және дауыстың табиғи дыбысына қол жеткізу бойынша жұмыс жалғасуда.

Студентті орнықты әрі ыңғайлы отырғызу, қолдарын еркін қимылдатып, домбыраны дұрыс тартуына мүмкіндік береді. Сондықтан оқушы алдымен оң аяғын сол тізесінің үстіне қойып, орындыққа тік, еркін отырып жаттығуы қажет. Домбыраны ұстап отырған кезде екі иық төмен не жоғары көтерілмей, бір деңгейде бос тұрғаны дұрыс. Домбыра аспабын тарту кезінде орындаушының бүкіл денесінің, қолдары мен саусақтарының дұрыс қалыптасып, оранласуын және оның аспапты ұстау тәсілдерін үйретеміз.

Сол қолдың қойылымы: Аспапты ұстап отырған кезде домбыра басының биіктігі сол жақ иық деңгейінде болып, саусақтар пернелер үстіне тізбектеле еркін орналасады. Бас бармақ сұқ саусаққа қарай сәл қиғаштау тұрады. Алақанды домбыра мойнына тіремей, шынтак пен иықты көтеріп немесе бүйірге тақамау керек. Бұл кейін қолдың еркін қозғалуы үшін өте қажет.

Оң қолдың қойылымы: Оң қол қойылымының өзіндік ерекшеліктері бар. Төкпе күй дәстүрінде бас бармақ сұқ саусаққа жақын тұрса, шертпе күй дәстүрінде керісінше алшақтау болады. Бірақ екі орындаушылық дәстүрде де төрт саусақ жартылай бүгулі күйінде бір-біріне жақын тұрып, алақан домбыраның бет қақапағына қарай орналасады. Дыбыстың сапалы шығуы үшін оң қолдың осылай қалыптасуының мәні өте зор. Сонымен қатар домбыра пернелеріндегі орналасуы және нота желісінде жазылуымен таныстырамыз. Ноталардың ұзақтықтарымен, биіктігімен танысу. Соның ішінде домбыра аспабының ойнау тәсілдерімен таныстыру.

7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Ұстаз ең алдымен, керемет музыкант болуы шарт. Егер ол музыкалық аспапты еркін меңгеру, даусы, есту қабілетінің нәзіктігі, нотаға қарап бірден ойнау және импровизациялық қабілеттілігі жоғары болса, бұл оның қызметтегі шығармашылығының жеңісі болып табылады. Белгілі педагог Д.Б.Кабалевский музыка мұғалімі бойындағы біліктіліктің ең маңыздысы аспапты меңгеруінде деп атап айтқан болатын. Таспаға жазылған шығармаларды тыңдаудан гөрі көз алдында аспапта ойнап көрсетудің құндылығында шек жоқ. Ойнап көрсету тыңдаушыға эмоциялық орта жасайды. Мұғалім өзі орындау барысында кез келген жерде тоқтап, түсіндіріп, кейбір эпизодтарды қайталап немесе жеке тактіні ойнап, сонымен қатар бастапқы шығармаға қайта орала алады. Өзін сүйемелдеп ән салатын оқытушы барлық оқушысына қадірлі және ойнай отырып ән салу қызықты.

Музыкалық аспапты меңгеру, ән салумен қатар мұғалімнің теориялық біліммен толы қаруланғаны керек. Білікті музыкант әдебиеттерді, музыка тарихын, оның тілін түсінуі керек. Сонымен қатар музыкалық өнерді қоғам дамуындағы орны мен әдебиет, сурет және басқа мамандықтармен байланысын білуі, яғни өз пәнін толық меңгеруі қажет. Мұғалімнің музыкалық тәжірибесі қоғамдық пәндермен тоғысып психология, педагогика циклін құрып музыка тәрбиелеудің әдістемесін меңгертеді. Бұл тек болашақ педагогикалық еңбектің, ізденістің, өздігінен, дамудың алғашқы жолы ғана болмақ.

Әнші болу үшін ең алдымен мәнерлі дауыс, әншілік қабілет, есту және есте сақтау қабілетінің жоғары болуы, музыкаға деген белсенді эмоциялық сезім, жақсы дикция, еңбекқорлық, сахналық сырт бейне, жақсы дауыс болу керек. Осы қабілеттердің барлығы бір адамның бойынан табылуы мүмкін бола бермейді. Біреуі болса, екіншісі болмауы мүмкін. Үнемі жаттығудың нәтижесінде олар бірін-бірі толықтырып жатады.

Дауыстың сапалық негізі не дегенде, мен, тембр, диапазон, таза дауыс және

дауыстың қаттылығы дер едім. Маңыздысы тембр. Дауыс күші аз болып, кішкене ғана диапазон болғанда, қызығушылықты әдемі тембр тудыруы мүмкін. Егер диапазон мықты болып тембр нашар болса, онда әншілік дауыс әдемілігі болмай, қызықтырудан айырылады. Біздің мамандығымыз домбыраның сүйемелдеуімен ән салу болғандықтан, домбыраның қағыстары күйдегі сияқты дәстүрлі ән салудың мазмұнын түсіндіруде ең басты құрал, қысқаша айтқанда домбыраның қағысы – ән айтуда маңызды рөл атқарады. Сондықтан да, оң қолдың қағысының неше бір түрлерін көрсететін, белгілі бір өзіне тән аты бар, көптеген әртүрлі терминдер мен атаулар бар. Ал, күйшілік мектептердің өзіне тән методологиялық жүйесінің бар екеніне ешкімде дауласа алмайды, оған біздің күйлеріміз куә. Күй үйрену тәсілдерінің өте ерте заманда-ақ қалыптасқанын көрсететін айғақтардың бірі, домбыра тарту шеберлігіне тән атаулардың лексикалық мағынасының болуы. Қағыстардың сан түрлі атаулары, саусақ басу тәртібі, пернелердің атаулары, күй тарту шеберлігіне қатысты атаулардың түр-түрі жиі кездеседі. Міне, осы күй үйрену тәсілдері және тарту шеберлігіне тән атаулар дәстүрлі ән салумен тығыз байланысты.

Домбыра үйренудің кейбір бағыт бағдарына тоқтала отырып, қазіргі таңда, күй үйренудің екі үлкен дәстүрлік сипатына аса мән беріп қастерлеп үйренуіміз керек. Мұның өзі ғасырлардан бері келе жатқан бай тәжірибеге сүйене отырып, халықтық педагогиканың бір саласы күй өнерін дәстүрлі әнмен ұштастыра білуіміз керек.

Қазіргі таңда ең күрделі нәрсе ұстаз бен шәкірт арасындағы дәстүр сабақтастығын үзіп алмау. Мұндай айырмашылықтың негізгі себептерінің бірі: басқа халықтардың музыка мәдениетімен және рухани дүниесімен етене араласуымыздан болып отыр. Қазіргі өміріміздің осындай шындығымен есептеспеуге болмайды. Басқа халықтардың музыка мәдениеті ән мен күйдің табиғи нұсқасына келеңсіз жағынан әсер етіп, әнді бұзып айтуға дейін апаруда. Келешекте ән үйренудің дәстүрлі жағынан айырылып қалу қаупін тудыратын мұндай жағдайды болдырмас үшін, оның алдын алатын шаралар қолдану керек. Халқымызда бұрынғы кезде өнерге табыс табудың көзі деп қарамаған, рухани мұра деп қараған. Егерде, бала бойынан өнерге деген қабілеті ерте оянса, онда оны әрі қарай тәрбиелейтін ұстаз іздеген. Сал-серілер, әнші-күйшілер, ақын-жыраулар т.б. халық өнерпаздарының өмірі бұған дәлел бола алады. Өнерді табыс табудың көзі деп бағалау – болашақ әншінің психологиясына үлкен әсер етуде. Мұның өзі қазіргі дәстүрлі ән үйренудегі әдістемесіне ерекше көзқараспен қарауды міндеттейді.

8) Оқу нәтижелерін бағалау

«Өте жақсы» деген баға - музыкалық материалды сенімді және терең білгені, бағдарламаның эмоционалды, мәнерлі орындалуы, дәл интонация, барлық вокалдық-техникалық талаптарды орындағаны үшін.

«Жақсы» деген баға - музыкалық материалды жақсы меңгергені, вокалдық-техникалық талаптарды орындағаны үшін, бірақ кейбір дәлсіздіктерді ескере отырып, көркем образды толық ашпағаны үшін.

«Қанағаттанарлық» баға - музыкалық материалды жеткілікті терең білмегені, кәсіби дағдыларды меңгермегені, бағдарламаны орындауға ресми көзқарасы үшін.

«Қанағаттанарлықсыз» деген баға - бағдарламаны жатқа және нота бойынша орындамағаны, вокалдық техниканың талаптарын орындамағаны үшін.

9) Курстан кейінгі сүйемелдеу

Конкурстарға қатысу және қолдау, бағдарламаны таңдау.

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер

1. Қазақтың халық әндері. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Алматы, 1960
2. Бердібаев Р. Жыршылық дәстүр.- Алматы, 1980
3. Жубанов А. Замана бүлбүлдары. – Алматы, 1975
4. Бекхожина Т. 200 казахских песен. – А.1972.
5. Казахский музыкальный фольклор. – А.1976.
6. Жетісу әндері. – А.1999.
7. Қазақтың әдет-ғұрып, тұрмыс-салт әндері. – Алматы, 2001
8. А.Жұбанов. Өн-күй сапары. – А., 1976

Қосымша әдебиеттер

1. «Қазақ халқының музыка өнері» М.Ахметова, 2007
2. Өсеттің 500 әні. /Бірінші, екінші кітаптар/ Құрастырғандар: Н.Нүсіпжанов., Д.Ә.Бейсеуов. Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық министрлігінің «Өнер» баспасы.-Алматы, 1998
3. Қазақ вальсі. Қазақстан композиторларының әндері. Құрастырған Д.Мүсрепов. – Алматы, «Өнер», 1982